

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің РНД докторантты Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің « 8D02310 – Филология » мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (РНД) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған « Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты » (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша) атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Ақселеу Сейдімбектің ғылыми шығармашылық еңбектерінде қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты, сондай - ақ қазақ мәдениеті мен фольклоры қазақ танымында маңызды рөл атқарады. Осыны негізге ала отырып, докторант этнограф - ғалым еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атаулардың когнитивтік сипаттарын зерттеген, рухани және материалдық мәдениеттің белгілері мен символдарының тарихи және әлеуметтік kontekste өзгеріске қалай түскенін жан – жақты ғылыми түрғыда талдаған. Жұмыста уақыт пен кеңістіктің этномәдени түргыдан концептуалдануы, материалдық мәдениеттің символдық мәні, ырым – тыйымдарға байланысты этнографизмдердің мән – мағынасы нақты тілдік деректер арқылы дәлелденген.

Б.М.Базарбеков А.Сейдімбек шығармаларындағы қазақ халық ауыз әдебиетінде кездесетін аңыз – әңгімелерге байланысты топонимикалық атауларға талдау жүргізіп, оның ішкі халықтық этимологиямен сабактастырын, символдар мен белгілердің мән – мағынасын аша түскен. Бұл әсіресе эпикалық жырлар мен аңыздардағы кейіпкердің әрекеттері мен олардың арасындағы символикалық мәнін түсіндіруге көмектеседі.

Тілдік таңба арқылы кодқа салынған тілдік және мәдени ақпараттарды ашу немесе керісінше, ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттелетін күрделі теориялық мәселе екендігін ескерсек, осыған байланысты Б.М.Базарбековтың диссертациялық жұмысында қарастырылған ұлттық – мәдени кеңістіктегі топонимдердің прецеденттік сипаты, топонимикалық кеңістіктегі спелеонимдердің семотикалық аспектілері, топонимдердегі аңыз бер ақыттың халықтық этимологиямен сабактастыры, этномәдени атаулардың тілдік тұлғасы, уақыт пен кеңістіктің концептуалдануы, материалдық мәдениеттің символдық мәні, ырым – тыйымдарға байланысты нақты мақсаттың қойылуы зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі , көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Б.М.Базарбековтың диссертациялық жұмысы бастан аяқ докторанттың ғылыми ізденісінің нәтижесі ретінде айтарлықтай жаңалықтары бар терең де күрделі мазмұндағы теориялық еңбек екендігі күмән тудырмайды. Жұмыста әр түрлі деңгейдегі теориялық еңбектерді пайдаланғандығы диссертацияның негізделу мен шынайлық дәрежесін

растайды. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдарының мазмұны күрделі әрі дәйекті, докторанттың әрбір тұжырымы салмақты, оның зерттеу стратегиясын айқындаپ, алған нәтижелерін жинақтап, жүйелеп әрі ғылыми тұрғыдан негіздел тұр. Докторант А.Сейдімбек еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атауларды тақырып деңгейінде жан – жақты менгеріп, деректерді қажетіне қарай орынды қарастыра білген, пайдаланған шетелдік, орыс, қазақ ғалымдарының теориялық пайымдаулары мен қөзқарастарын саралай келіп, нақты тілдік фактілер арқылы өзіндік тың тұжырымдар жасай білген.

Диссертациялық жұмыстың тараулары мен тараушаларының бірімен бірі тығыз байланысып, астасуы, мазмұнына, жұмыстың мақсат – міндеттеріне қарай рет – ретімен берілгендейі оның ішкі бірлігін айқын көрсетіп тұр. Ұлттық топонимдік кеңістік, сол кеңістіктегі спелеонимдердің семиотикалық аспектілері этномәдени тұрғыдан қарастырылып, ұлттық сана көрсеткіші ретінде қарастырылуы жұмыстың логикалық жүйелігі мен ішкі бірлігін айқындаپ тұр.

Диссертацияда докторант А.Сейдімбек еңбектерінің негізінде когнитивтік лингвистика, когнитивтік топонимика, таным теориясына қатысты айтарлықтай теориялық жаңалықтарға қол жеткізген. Өз кезегінде бұл жұмыс аталмыш салалардың теориялық негіздерін келешекте әрі қарай дамытып, терендете түсуіне өз дәрежесінде үлес қоса алады. Сондай – ақ жеке авторлардың ғылыми еңбектеріне когнитологиялық тұрғыдан талдау жасап, тілдік тұлғасын анықтауға қолдануға болады. Сонымен қатар, жұмыстың негізгі деректері мен теориялық тұжырымдарын когнитивтік лингвистика, танымдық семантика, топонимика, лингвомәдениеттану пәндері бойынша, сондай - ақ Ақселеуттану курсарында, арнайы семинарлар жүргізуде пайдалануға болады.

Диссертацияда когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, танымдық семантика пәндеріне қатысты бірқатар айтарлықтай теориялық жаңалықтарға қол жеткізген. Дей тұрғанмен, кіріспеде зерттеудің теориялық маңыздылығы шалт қайырылған, бұл жерде этнограф – ғалымның еңбектерінің негізінде маңызды тұжырымдармен толықтыра тұсуді қажет етеді. Сонымен қатар, этномәдени атауларды негізінде А.Сейдімбектің тілдік тұлғасын зерттегендеге түркітілдес халықтардың да этномәдени тұрғыдан концептуалдануына назар аударып кетсе, артықтық болmas еді. Жұмыста бірен – саран стилистикалық және грамматикалық қателер кездеседі, оларды ретке келтіріп жөндеуге докторанттың толық мүмкіндігі бар.

Базарбеков Бақберді Мұратәліұлының «8D02310 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша) атты тақырыпта дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған.

Базарбеков Бақберді Мұратәліұлы «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ғылыми жетекші: М.Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Б.М.Тілеубердиев

КОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚЖЖ бөлімнін
басшысы

[Signature]